

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Жансая»  
облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын жиналысының  
**ХАТТАМАСЫ**

№ 1

Кентау қаласы

21.06.2023жыл

Төрағасы: Б.Ә.Әбдімәлік – басшының м.а.

Қатысушылар: Кәсіпорынның персоналы. (Дәрігерлер, өзге де қызметкерлер)

Хатшы: Г.Н.Балабиева - кадр менеджері

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңын талқылау, кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулығы мен іс-қимыл саясатын таныстыру, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдасымен таныстыру, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау», мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

**Төрағалық етуші Б.Ә.Әбдімәлік** жиналысты ашық деп жариялап, кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулығы мен іс-қимыл саясатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» тұжырымдамасын ақпараттық түсіндірмесін таныстырып түсіндіру үшін кәсіпорын басшысының орынбасары М.П.Байжұматоваға сөз берді.

**М.П.Байжұматова** түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуді мәлімдеді.

**Және МСА есепшісі (комплаенс офицері) – Қ.Уытов** Қазақстан азаматтарының осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып табылады. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» тұжырымдамасымен таныстырып, оны болдырмау мақсатында және сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне жол бергені үшін жауапкершілік пен оның зардаптары туралы атап өтіп, толыққанды ақпарат берді.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты зерделеніп, талқыланып, кәсіпорын қызметкерлері тарапынан қойылған сауалдарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы **Б.Ә.Әбдімәлік** жиналысты қорытындылады.

**Жиналыс төрағасы:**

**Б.Ә.Әбдімәлік**

**Хатшы:**

**Г.Н.Балабиева**

